

1. Журнал туралы

Ашық қолжетімді ғылыми рецензияланатын журнал
JETE - Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies.
Қысқаша атауы - JETE.

Мерзімді баспа басылымын, ақпараттық агенттік пен интернет-басылымды тіркеу туралы КУӘЛІК № KZ00VPY00113325 Астана қ.

Шығарылған күні 25.02.2025 ж

Журнал — «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы» басылымының құқықтық мұрагері. (1995 жылдан бастап шығарылып келеді).

Жарияланатын тілдер: қазақ, орыс, ағылшын; шығу жиілігі: жылына 4 рет;

Иесі: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Астана қаласы, Қазақстан.

Журналдың миссиясы

«JETE» журналы философия, дінтану және мәдениеттану салаларындағы ғылыми қауымдастықтың ең өзекті мәселелері мен сұраныстарына қатысты материалдарды жариялауға бағытталған. Редакциялық саясат әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер саласындағы ең жаңа зерттеу нәтижелерін ұсыну және таратуға бағытталған интеллектуалдық дәстүрлердің, теориялық және қолданбалы тәсілдердің кең ауқымына негізделеді.

Журналдың атауы қазақ тіліндегі «ЖЕТЕ» сөзінің терең, онтологиялық мәнін – адам мен дүние арасындағы қарым-қатынастың негізі, мәні мен саналы түсінігін көрсетеді.

Журналдың мақсаты

Философия, дінтану және мәдениеттану бойынша түпнұсқалық мақалалар мен шолуларды жариялау; отандық және шетелдік ғалымдардың әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың іргелі мәселелеріне қатысты өзекті ғылыми пікірталастарын қолдау және дамыту.

Журналдың міндеттері

Қазақстандағы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың дамуына арналған платформа ретінде қызмет ету; журнал мақалаларына ашық қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, ғылыми жарияланымдардың жинақтарын қалыптастыру.

Журнал саясатының маңызды аспектісі – қазіргі заманның күрделі үдерістерін түсінуге бағытталған пәнаралық ашықтық.

Журнал жаңа ғылыми тәсілдерге эвристикалық тұрғыдан бағытталған теориялық және эмпирикалық зерттеулердің кең тақырыптық шеңберін қамтиды.

2 Журналдың тақырыптық бағыты

“JETE” журналы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәндік және пәнаралық зерттеулер бойынша теориялық және қолданбалы нәтижелерді жариялайды: философия, дінтану, мәдениеттану.

Журнал екі түрлі түпнұсқалық авторлық қолжазбаларды қабылдайды: ғылыми мақала, ғылыми шолу және «Ғылыми дәптер» айдарына жазбалар (ғылыми іс-шараларға шолулар, аудармалар, сараптамалық сұхбаттар және басқа да редакциялық материалдар) қабылданады.

3. Ашық қолжетімділік саясаты

Журнал Open Access (ашық қолжетімділік) саясатын ұстанады. Мақалалардың авторлары немесе оларды жариялау құқығына ие тұлғалар кез келген пайдаланушыға материалды оқуға, көшіруге, таратуға немесе басқа адамдарға жеткізуге, сондай-ақ ұсынылған ақпарат негізінде жаңа ғылыми жұмыстар жасауға және жариялауға рұқсат береді, бірақ міндетті түрде бастапқы дереккөздің авторлығын көрсетуі тиіс.

Журналдағы мақалалар JETE сайты арқылы барлық қолданушыға тікелей қолжетімді.

Лицензиялау: материалдар Creative Commons “Attribution-Non Commercial-NoDerivatives 4.0 International” лицензиясы бойынша қолжетімді.



4. Мұрағаттау

Журнал Open Access саясаты аясында еркін өзін-өзі мұрағаттау арқылы авторларға өздерінің жарияланымға қабылданған мақалаларын жеке веб-сайттарында немесе басқа репозиторийлерде (мысалы, ResearchGate немесе өз ғылыми ұйымдарының репозиторий сайттарында) орналастыруға рұқсат береді. Бұл ретте библиографиялық сипаттамада мақаланың ЖЕТЕ журналында жарияланған соңғы нұсқасына сілтеме көрсету міндетті.

2024 жылдың желтоқсанына дейінгі мұрағат Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясының сайты арқылы қолжетімді.

Журналдың электронды нұсқалары «Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы», «КазИНЦ», «EBSCO», АҚ электронды кітапхана қорын қалыптастыру үшін ұсынылады. Журнал 2019 жылдан бастап Elibrary.ru базасында материалдарын мұрағаттайды.

5. Жасанды интеллект құралдарын пайдалану жөніндегі саясат

Жасанды интеллект (ЖИ) авторлық иесі ретінде танылмайды, себебі ол мәтінді тұтас түсініп, құқықтық жауапкершілікке ие бола алмайды. Толығымен ЖИ генерациялаған мәтіндер немесе оның үзінділері ғылыми жарияланым ретінде қарастырылмайды.

Барлық жасанды интеллект құралдары генеративті бола бермейтіндіктен, қолданыстағы суреттерді немесе кескіндерді өңдеу, біріктіру немесе жақсарту үшін машиналық оқыту негізіндегі генеративті емес құралдарды пайдалану жағдайында, оларды мақала тапсыру кезінде тиісті сурет астындағы жазбада нақты көрсету қажет. Бұл әр жағдайды жеке қарастыруға мүмкіндік береді.

ЖИ-гі генеративті кескіндер

Егер мақалада ЖИ-дің мүмкіндіктерін көрсету мақсатында генеративті кескіндер қолданылса, олар қалай және қандай мақсатпен генерацияланғаны туралы нақты сипаттама берілуі тиіс. Бұл кескіндер "Жасанды интеллект арқылы жасалған" деп арнайы белгіленуі қажет.

ЖИ құралдарын пайдалану рұқсат етіледі, бірақ ол мақалада ашық көрсетіліп, қандай кезеңде және қалай қолданылғаны сипатталуы тиіс. Бұл мәліметтер "Әдістер" бөлімінде құжатталуы керек. Авторлар ЖИ көмегімен жасалған кез келген мазмұн үшін толық жауапкершілік алады.

Рецензенттер тарапынан ЖИ пайдалану

Редакциялық алқа мүшелері рецензенттерден қолжазбаларды генеративті ЖИ құралдарына жүктемеуді сұрайды. Рецензенттер нақты салалық білімдері мен зерттеу әдістеріне негізделіп таңдалады және олардың пікірлері мен бағалаулары үшін толық жауапкершілік алады. Генеративті ЖИ құралдары кейде мағынасыз немесе жалған ақпарат бере алады, сондай-ақ оларда қазіргі білім жеткіліксіз болуы мүмкін. Сонымен қатар, қолжазбаларда құпия ақпарат болуы ықтимал, сондықтан оны сыртқа таратуға болмайды.

Егер рецензент ЖИ құралдарын қандай да бір жолмен қолданса, бұл туралы рецензия есебінде ашық түрде көрсетуі тиіс.

6. Ретракция (жарияланған мақаланы кері қайтару)

Халықаралық басылымдық этика комитеті (COPE) және Ғылыми редакторлар мен баспагерлер қауымдастығының ұсынымдарына сәйкес, ретракция — бұл жарияланған материалдың елеулі қателері немесе сенімсіз деректері бар екенін оқырмандарға хабарлау және оны түзету тетігі.

Редакциялық алқа әдейі жасалған этикалық бұзушылықтармен, плагиатпен, өзін-өзі плагиаттаумен, авторлардың шамадан тыс өзін-өзі дәйектеуімен және мүдделер қақтығысымен жарияланған мақалалар үшін жауапты.

Мақала қарау үдерісінен алынып тасталады, кері қайтарылады/жойылады (ретракцияланады) келесі жағдайларда:

1. алынған деректердің сенімсіз екендігі немесе заңсыз әрекеттер нәтижесінде алынғаны (мысалы, деректерді бұрмалау) туралы нақты дәлелдер болған жағдайда;
2. қолжазбаның “JETE - Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies” журналында жарияланғанға дейін басқа басылымда жарияланғаны анықталса;
3. мақалада плагиаттың анықталуы, оның ішінде суреттерді, графиктерді, кестелерді және т.б. заңсыз көшіру;
4. мақалада басқа ғалымдарға және олардың зерттеулеріне теріс әсер етуі мүмкін өрескел қателердің болуы (мысалы, есептеу немесе эксперимент қателігі);
5. үшінші тұлғалар тарапынан мақалаға немесе оның жекелеген бөліктеріне авторлық құқыққа қатысты талаптардың туындауы;
6. мақалада жарияланымдық және/немесе ғылыми этика қағидаттарына, стандарттары мен нормаларына қайшы келетін ақпараттың болуы;
7. мақаланы дайындауға немесе журналға ұсынуға үшінші тұлғалардың тартылғаны анықталған жағдайда.

Редакциялық алқа құпиялылық пен әділдік қағидаттарына сәйкес тәуелсіз тергеу жүргізеді. Бұл ұсынылған дәлелдерді талдауды және қажет болған жағдайда мақала авторларымен және басқа да мүдделі тараптармен байланыс орнатуды қамтиды. Мақаланы ретракциялау туралы шешім тергеу нәтижелері негізінде қабылданады. Ол үшін жарияланымнан мақала ретракциясы туралы акт жасалып, ғылыми редактор тарапынан расталып, қол қойылады. Хат алмасуға жауапты авторға актінің көшірмесі жіберіледі. 1–7 тармақтарда көрсетілген бұзушылықтар сол авторлар тарапынан қайта анықталған жағдайда, олардың мақалалары қарауға қабылданбайды.

Осыдан кейін журналдың сайтында мақала ретракцияланған ретінде белгіленіп, себептері көрсетіледі. Редакция мақаланы алып тастау (ретракциялау) туралы ақпаратты журнал сайтының басты бетінде.

7. Мақаланы жариялау шарттары

Жариялауға ұсынылған мақала журналда қабылданған барлық рәсімдік талаптарға сай болуы тиіс. Мақала бұған дейін жарияланбаған және басқа басылымға жіберілмеген болуы керек. Редакцияға келіп түскен барлық қолжазбалар міндетті екі жақты жасырын (double-blind) рецензиялау процесінен өтеді. Түскен рецензиялардың негізінде журналдың редакциялық алқасы соңғы шешім қабылдайды. Авторлар қатарында зерттеуге, оның тұжырымдамасына, дизайнна, орындалуына немесе нәтижелерін түсіндіруге елеулі үлес қосқан тұлғалар көрсетілуі тиіс. Зерттеуге авторлықты тануға жеткіліксіз үлес қосқан адамдар автор(лар) тарапынан «Алғыс» бөлімінде олардың атқарған жұмысының көлемін көрсете отырып аталып өтуі мүмкін. Мақалада зерттеудің мақсаты мен міндеттері, негізгі нәтижелердің сипаттамасы, қорытындылары болуы тиіс және өзектілік пен ғылыми жаңалық талаптарына сай келуі қажет.

8. Құпиялылық туралы мәлімдеме

Авторлар редакцияға ұсынған дербес деректер журнал белгілеген мақсаттар үшін ғана пайдаланылады және басқа мақсаттарда қолданылмайды, сондай-ақ басқа тұлғалар мен ұйымдарға берілмейді.

9. Мақалаларды қарау тәртібі

1. JETE журналының сайтында мақаланы тіркеу кезінде автор метадеректерін үш тілде (мақала атауы, аннотация, кілт сөздер, авторлардың аты-жөні, жұмыс орны, электрондық мекенжайлары, ORCID) толтыру міндетті талап болып табылады. JETE сайтында ілеспе хат және қолжазбаның екі нұсқасы ұсынылуы тиіс: толық мәтін

(метадеректермен) және анонимдендірілген нұсқа (метадеректерсіз). Файлдар мақала атауының алғашқы сөздерімен аталып, екінші файлға «рецензияға арналған» деген белгі қосылады.

Техникалық хатшы журнал менеджері арқылы қолжазбаны плагиатқа тексеруді «Антиплагиат. ВУЗ» және Turnitin лицензиялық бағдарламаларын пайдалана отырып жүргізеді. Тексеру нәтижесінде редакция толық автоматтандырылған есеп алады. Қанағаттанарлық нәтиже алмаған қолжазбалар әрі қарай қарауға жіберілмейді. Бұл туралы техникалық хатшы негізгі авторға/хат-хабарға жауапты авторға хабарлайды.

Антиплагиат бағдарламасы үшін шекті көрсеткіштер – мәтіннің 75–80% түпнұсқалығы және жасанды интеллект арқылы жасалған контенттің үлесі 20%-дан аспауы тиіс. Бұл ретте 75–80% аралығындағы нәтиже алған мақала автор(лар)ға қайта өңдеу үшін жіберіледі, ал 75%-дан төмен көрсеткішке ие жұмыстар қабылданбайды. Turnitin бағдарламасы үшін шекті көрсеткіш – 25%. 15%-ға дейінгі аралық автоматты түрде рұқсат етілген болып саналады, ал 16–25% аралығы материалда бір ғана дереккөзге шамадан тыс сүйену ықтималдығын анықтау үшін редакторлар мен рецензенттердің қосымша сараптауын қажет етеді.

2. Қажетті түпнұсқалық деңгейінен өткен мақаланы техникалық хатшы бас редакторға (немесе тиісті бағыт бойынша жауапты редакторға) жібереді. Бас редактор мақаланың журнал тақырыбына сәйкестігін тексереді. Сәйкес келмеген жағдайда авторға жариялаудан бас тарту туралы негізделген жауап жіберіледі. Алғашқы қарау мерзімі орта есеппен 1 айға дейін созылады.

3. Бұдан кейін бас редактор (немесе жауапты редактор) екі рецензентті (тиісті сала мамандарын) анықтайды. Журналда екіжақты «соқыр» рецензиялау қолданылады, яғни авторлар мен рецензенттердің аты-жөндері жария етілмейді. Рецензент мақала бойынша негізделген пікір ұсынады, онда тақырыптың өзектілігі, автордың ғылыми салаға қосқан үлесі, алынған нәтижелердің деңгейі қарастырылады. Барлық рецензияларда мақаланы жариялауға ұсыну (түзетулермен немесе түзетусіз) немесе бас тарту туралы ұсыныс беріледі.

Егер рецензияда түзету қажет деп көрсетілсе, жауапты редактор авторға «рецензент ескертулеріне сәйкес мақаланы түзету» туралы хабарлама жібереді. Қажет болған жағдайда түзетілген нұсқа қайтадан рецензентке жіберіледі немесе редакторлардың алқалы шешімімен жариялауға қабылданады. Барлық ескертулер жойылған жағдайда мақала қабылданады, ал түзетулер формалды немесе сапасыз орындалса – қабылданбайды. Егер автор рецензент пікіріне келіспесе, бас редакторға өз дәлелдерін көрсетіп хат жолдайды. Соңғы шешімді редакторлар алқасы қабылдайды.

4. Барлық рецензиялар мен редакциялық алқа шешімі негізгі авторға (немесе хат-хабарға жауапты авторға) жіберіледі. Мақалаға қатысты барлық материалдар (соңғы нұсқа, рецензиялар, плагиат есебі және басқа құжаттар) редакциялық алқа отырысында қаралады. Мақаланы жариялау туралы шешім рецензенттердің қорытындылары негізінде қабылданады. Теріс пікір алған мақалалар қайта қарауға қабылданбайды. Даулы жағдайларда соңғы шешімді бас редактор қабылдайды. Орташа алғанда жариялау туралы шешім 8 ай ішінде қабылданады.

5. Жариялау материалдардың дайын болуына қарай жалпы кезек тәртібімен жүзеге асырылады. Редакция кезекті журнал айдарларына сәйкес қалыптастыруға құқылы.

10. Қызметтер

Журнал қызметтері үшін төлем Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолданыстағы бағалар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. Мақаланы тіркеу және ұсыну кезінде (философия және дінтану бағыттары бойынша) авторлар 20% көлемінде тіркеу жарнасын (12 000 теңге) төлейді. Рецензиялау аяқталып, мақала жариялауға қабылданған жағдайда қалған 80% (48 000 теңге) төленеді. Жалпы қызмет құны – 60 000 теңге. Бұл қаражат плагиатқа қарсы жүйелерді сатып алу, DOI

төлемі, рецензенттер, корректорлар, беттеушілер және редакция қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге жұмсалады. Шетелдік авторлар үшін (Қазақстан Республикасынан қосалқы авторлары жоқ болса) мақалалар тегін қабылданады. Мақала қабылданбаған жағдайда тіркеу жарнасы қайтарылмайды. Әрбір жаңа жүктеу кезінде тіркеу жарнасын қайта төлеу қажет (мысалы, мақала талаптарға сәйкестендіру немесе рецензия нәтижесінде қайта өңделген жағдайда). Бір ғана қайта жүктеуге рұқсат етіледі. Барлық төлем деректері журнал сайтында жаңартылып отырады.

11. Жарияланымдық этика

«JETE – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies» журналының редакциялық саясаты ғылыми мерзімді басылымдарға тән дәстүрлі этикалық қағидаттарға негізделеді. Бұл қағидаттар Жарияланымдық этика жөніндегі комитеттің (COPE) журнал редакторларына арналған ғылыми жарияланымдар этикасы бойынша нұсқаулығында баяндалған және төмендегі талаптарды қамтиды:

Авторлар үшін

Мақаланы редакцияға жіберу авторлардың баспагерге — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне — мақалаларды журналда жариялау және оларды кез келген шет тілінде қайта басып шығару құқығын беруімен келісетінін білдіреді. Қолжазбаны ұсына отырып, автор(лар) ешкімнің авторлық құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді. Авторлар баспагерге шектеусіз мерзімге келесі айрықша құқықтарды береді:

- туындыны көбейту (жариялау, көпшілікке ұсыну, көшіру, тарату және өзге де түрде көбейту) және оны кез келген тәсілмен тарату құқығы;
- әрбір данасында автор(лар)дың аты-жөні көрсетілуі тиіс;
- құрама туындылар құрамына енгізу құқығы;
- көпшілікке қолжетімді ету құқығы;
- метадеректерді (атауы, автор(лар)дың аты-жөні, аннотация, библиографиялық мәліметтер, толық мәтін және т.б.) өңдеу, жүйелеу, тарату және әртүрлі деректер базалары мен ақпараттық жүйелерге енгізу құқығы.

Авторлар:

- туындыны пайдалану аумағы шектелмейтінімен келіседі;
- өздерінің дербес деректерін (аты-жөні, білімі, жұмыс орны, қызметі) шектеусіз мерзімге сақтау және өңдеу құқығын баспагерге береді;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдаланғаны үшін толық жауапкершілік алады;
- мақаланы плагиатқа тексеруге келісім береді;
- ұсынылған жұмыстың бұрын жарияланбағанын және басқа басылымдарға жіберілмегенін (және жіберілмейтінін) растайды;
- журналдың редакциялық саясатымен толық таныс екенін растайды.

Рецензенттер үшін

Журналда екіжақты «соқыр» рецензиялау рәсімі қолданылады.

- Рецензияға түскен әрбір қолжазба құпия құжат ретінде қарастырылады. Рецензент оны өз еңбектерінде пайдалана алмайды және үшінші тұлғаларға тек бас редактордың рұқсатымен ғана бере алады.
- Рецензент жұмысты объективті бағалап, қажет болған жағдайда оны жақсарту жолдарын ұсынуы тиіс.
- Егер рецензент тақырып бойынша маман болмаса, рецензиялаудан бас тартуы қажет.

Редакторлар үшін

Бас редактор, оның орынбасарлары және редакциялық алқа мүшелері:

- мақалалардың сапасына ерекше назар аударып, алқа отырыстарына қатысып, рецензенттердің пікірлеріне қатысты негізделген шешім қабылдауға міндетті;

- авторлардың географиясын кеңейтуге, әртүрлі елдер мен ұйымдардың ғалымдарын тартуға тиіс;
- қолжазбаларды авторлардың жынысына, ұлтына, дініне және басқа жеке ерекшеліктеріне қарамастан бағалайды;
- мүдделер қақтығысы болған жағдайда қолжазбаны қараудан бас тартады.

Бас редактор:

- Рецензиялар мен редакциялық алқа талқылауы негізінде мақаланы жариялау туралы соңғы шешімді қабылдайды.

Редакция

- Редакция авторлармен тікелей жұмыс істейді және делдал агенттіктермен жұмыс істемейді.
- Авторлар, редакторлар немесе рецензенттер тарапынан этикаға қайшы әрекеттер анықталған жағдайда жедел шешім қабылдайды. Мұндай әрекеттерге: авторлық құрамды бұрмалау, жалған ғылыми мәтіндер, деректерді бұрмалау, плагиат, дәйексөздерді манипуляциялау, материалды бірнеше журналға қатар ұсыну жатады.
- Егер этика бұзушылықтары мақала қарау барысында анықталса, қолжазба қараудан алынып тасталады. Ал жарияланғаннан кейін анықталса, мақала ретракцияланады (сайттан және дерекқорлардан алынып тасталады), басқа журналдарға хабар берілуі мүмкін.
- Редакция негізсіз ретракция жасамауға міндеттенеді, тек елеулі мәселелер анықталған жағдайда ғана шешім қабылдайды.
- Рецензенттер мен редакторлардың этикаға қайшы әрекеттеріне: материалдарды рұқсатсыз тарату, авторлық құқықты бұзу, құпиялылықты сақтау қағидаларын бұзу, мүдделер қақтығысы жағдайында шешім қабылдау жатады.
- Этикаға қатысты өзге даулы жағдайлар COPE қағидаттары негізінде шешіледі.
- Бас редактор, редакция мүшелері және рецензенттер журналда жариялана алады, бірақ өз қызметтік жағдайын пайдалана алмайды. Барлық мақалалар міндетті түрде рецензиядан өтеді.
- Журналда «бір автор – жылына бір мақала» қағидасы қолданылады.

12. Рәсімдеу талаптары

1. Бірінші бетте мыналар көрсетіледі: мақаланың түрі (ғылыми мақала, ғылыми шолу немесе ғылыми жазбалар); FTAMP коды (<https://grnti.ru/>), (Қаріп – Times New Roman. Кегль өлшемі – 12 pt. Қалың қаріп. Жиіексіз, сол жақ шетке тураланған).

2. Мақаланың негізгі метадеректері: (мақала АТАУЫ, Автордың ЕСІМІ ЖӘНЕ ТЕГІ, жұмыс орны, аннотация, түйінді сөздер) алдымен ағылшын, кейін қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Автор-хат алмасушының электрондық поштасы көрсетілуі тиіс.

2.1 Мақала атауы – тек бас әріптермен жазылады. (Times New Roman, 14 pt.)

2.2 Автордың есімі (кіші әріппен) және тегі (БАС ӘРІППЕН) мақала атауынан кейін бірінші бетте жазылады. (Times New Roman, 14 pt.)

2.3 Әріптік белгілер арқылы жұмыс орны немесе оқу орны, қала, ел көрсетіледі (Times New Roman, курсив, 12 pt.)

2.4 Автор-хат алмасушының e-mail мекенжайы (Times New Roman, 12 pt.)

2.5 Аннотация (кемінде 150–200 сөз). Аннотация мақала мазмұнын қайталамауы тиіс, сілтемелер мен әдебиеттер тізімін қамтымауы керек, мақала ерекшелігін, жаңалығын, автордың (авторлардың) үлесін, ғылыми жаңалығын және қорытындыларын көрсетуі қажет. (Times New Roman, 12 pt. Туралау – ені бойынша, шегініс – 1 см).

2.6 Түйінді сөздер – мақаланы іздеу жүйелерінде индексстеу үшін 7–10 кілт сөз көрсетілуі қажет. Кілт сөздер «нүктелі үтірмен» бөлінеді. (Times New Roman, 12 pt. Туралау – ені бойынша, шегініс – 1 см).

3. Мәтіндік редактор параметрлері: бет өрістері – барлық жағынан 2 см; туралау – ені бойынша; қаріп – Times New Roman, өлшемі – 14; жоларалық интервал – 1; абзац шегінісі – 1 см; бет бағдарлауы – кітаптық. Толық мәтін көлемі: кемінде 16 бет (1 баспа табак).

4. Кестелер мен суреттер мәтін ішінде реттік нөмірімен орналастырылады. Атаулары – ортасына, шегініссіз. Сурет пен кестелерге сілтемелер мәтінде дөңгелек жақшада беріледі, сурет ішіндегі элементтер курсивпен белгіленеді: (сур. 1, 2;). Кесте және суреттер көлемі мақала көлемінің 1/3-інен аспауы тиіс.

5. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміндегі тиісті дереккөзге сілтемелер АРА стилінде дөңгелек жақша ішінде рәсімделеді және онда: автордың тегі (инициалсыз), жарияланған жылы көрсетіледі (егер екі автор болса — екеуі де жалғаулық арқылы беріледі; егер үш және одан көп автор болса — бірінші автор ғана көрсетіледі).

6. Тікелей дәйексөз келтірілгенде, мәтін тырнақшаға алынады, ал ұзын үзінділер (40 сөзден немесе 3 жолдан көп) тырнақшасыз, бөлек абзацтық шегініспен беріледі және соңында бет нөмірі көрсетілген сілтеме қойылады: (Мұқашев, 1989, 45-б.). Егер дәйексөз екі немесе одан да көп беттен алынса: (Мұқашев, 1989, 7–8-бб.). Егер екі автор болса, олардың тектері «және» жалғаулығымен немесе & белгісімен беріледі (Әбділдин және Орынбеков, 1989, 25-б.; Marx & Engels, 1845, pp. 33–34). Егер үш және одан көп автор болса, бірінші автордың тегі және «және т.б.» немесе “et al.” деп көрсетіледі (Мұқашев және т.б., 2025, 75-б.; Marx et al., 1999). Сілтеме дәйексөзден кейін немесе сөйлем соңында берілуі мүмкін.

7. Жанама дәйексөз (парафраз) кезінде: (Әбділдин, 2019). Егер бір автордың бір жылдағы бірнеше еңбегіне сілтеме жасалса, жылынан кейін әріптік белгі қосылады: а, b және т.б. (Әбділдин, 2019a; Әбділдин, 2019b).

8. Наративтік дәйексөзде, автордың тегі мәтінде көрсетілген жағдайда, сөйлем соңында жақша ішінде жарияланған жылы беріледі: «Әбділдиннің пікірінше, ... формальды-логикалық негіздеуді талап етеді (2019)».

9. Қолжазбадағы «Әдебиеттер» бөлімінде (ағылшынша “References”) соңғы бес жылдағы кемінде бес ғылыми еңбек міндетті түрде қамтылуы тиіс.

10. Далалық зерттеулер нәтижелеріне сілтеме ПМА (автор(лар)дың далалық материалдары) белгісі арқылы беріледі және материал жинақталған кезең көрсетіледі: (ПМА, 2025). Сонымен қатар, мақала мәтінде, әдістер бөлімінде далалық зерттеулердің қандай форматта және қандай жағдайда жүргізілгені сипатталуы тиіс (мысалы, этнографиялық зерттеулер, сараптамалық сұхбаттар, далалық күнделіктер және т.б.).

11. Мұрағат материалдарына сілтемелер мәтінде жақша ішінде беріледі, алғаш рет толық атауы көрсетіліп, кейін қысқартылған нұсқасы қолданылады: (Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (бұдан әрі – ҚР ПА) Қ. 141. Т. 17. Іс 2356. П. 12.).

12. Ресми құжаттарға (заңдар, жарлықтар, қаулылар, бағдарламалар) сілтеме жасағанда автор ретінде құжатты бекіткен мемлекеттік орган көрсетіледі, одан кейін жақша ішінде бекітілген жылы, құжат атауы және бар болса URL сілтемесі беріледі.

13. Автордың өз еңбектеріне сілтемелер жалпы көлемнің 20–25%-ынан аспауы тиіс.

14. Әдебиеттер тізімі нөмірленбей беріледі және екі нұсқада ұсынылады: пайдаланылған әдебиеттер тізімі түпнұсқа тілде (қазақ немесе орыс) әліпбилік ретпен жасалып, латын транслитерациясында қайталанатын. Ағылшын тіліндегі дереккөздер үшін транслитерация талап етілмейді. Егер мақала ағылшын тілінде жарияланса, әдебиеттер тізімі тек ағылшын тілінде, ал ағылшын тілінде емес дереккөздер үшін латын транслитерациясымен беріледі. Әдебиеттер АРА стандартына сәйкес рәсімделеді: Кітап үшін: автордың тегі мен инициалдары, жарияланған жыл (жақшада), кітап атауы (курсивпен), қала, баспа. Кітаптағы тарау үшін: автордың тегі мен инициалдары, жыл, тарау атауы, кітап авторы/редакторы, кітап атауы (курсивпен), қала, баспа, тарау беттері. Журнал мақаласы үшін: автордың тегі мен инициалдары, жыл, мақала атауы, журнал атауы (курсивпен), журналдың жалпы нөмірі (курсивпен), жыл ішіндегі нөмірі (жақшада), мақала

беттері. Қаріп: Times New Roman, өлшемі – 12, бірінші жол – шегініссіз, қалған жолдар – 1 см шегініспен, мәтін – ені бойынша тураланған.

15. Метадеректердің қосымша бөлігі:

15.1 Қажет болған жағдайда алғыс білдіру (acknowledgements) көрсетіледі;

15.2 Қажет болған жағдайда қаржыландыру туралы ақпарат көрсетіледі;

15.3 Авторлардың үлесі және мүдделер қақтығысы міндетті түрде көрсетіледі;

15.4 Авторлар туралы мәліметтер үш тілде – қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде міндетті түрде беріледі (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орны, мекенжайы, E-mail, ORCID).

Мақаланың рәсімделу үлгісі:

Scientific article

IRSTI 0241

DIGITAL INCLUSION IN PHILOSOPHICAL DISCOURSE: AN ANALYSIS OF GOVERNMENT PROGRAMS IN KAZAKHSTAN AND BELARUS

^aAinur ABDINA, ✉ ^aAnar UYZBAEVA, ^bElena KUCHKO

^aAstana IT University, Astana, Kazakhstan,

^bBelarusian State University, Minsk, Belarus

✉ ainur.abdina@astanait.edu.kz

Abstract. This article aims to analyze government programs in the field of digitization and digital technologies in the Republic of Kazakhstan and the Republic of Belarus, examining their alignment with contemporary philosophical and ethical concepts (...).

Keywords: digital inclusion; digital exclusion; digitalization; digital divide; philosophical discourse; government programs.

Ғылыми мақала

ҒТАМР 0241

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ИНКЛЮЗИЯ: ҚАЗАҚСТАН МЕН БЕЛАРУСЬТЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАЛДАУ

^aАйнур АБДИНА, ✉ ^aАнар УЫЗБАЕВА, ^bЕлена КУЧКО

^aAstana IT University, Astana, Қазақстан

^bБеларусь мемлекеттік университеті, Минск, Беларусь

✉ ainur.abdina@astanait.edu.kz

Андатпа. Мақала Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасындағы цифрландыру және цифрлық технологиялар саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды талдауға және олардың қазіргі заманның философиялық және этикалық тұжырымдамаларымен арақатынасын зерттеуге бағытталған (...).

Түйін сөздер: цифрлық инклюзия; цифрлық эксклюзия; цифрландыру; цифрлық алшақтық; философиялық дискурс; мемлекеттік бағдарламалар.

Научная статья

ЦИФРОВАЯ ИНКЛЮЗИЯ В ФИЛОСОФСКОМ ДИСКУРСЕ: АНАЛИЗ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ В КАЗАХСТАНЕ И БЕЛАРУСИ

Айнур АБДИНА, ✉ Анар УЫЗБАЕВА, ^бЕлена КУЧКО

^а*Astana IT University, Астана, Казахстан*

^б*Белорусский государственный университет, Минск, Беларусь*

✉ ainur.abdina@astanait.edu.kz

Аннотация. Целью данной статьи является анализ государственных программ в области оцифровки и цифровых технологий в Республике Казахстан и Республике Беларусь, анализ их соответствия современным философским и этическим концепциям (...).

Ключевые слова: цифровая инклюзия; цифровая эксклюзия; цифровизация; цифровой разрыв; философский дискурс; государственные программы.

Кіріспе

Цифрлық инклюзия — қоғам өміріне толыққанды қатысу үшін қажетті цифрлық технологияларға, білім мен дағдыларға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету ретінде — қазіргі уақытта аса өзекті мәселеге айналады. Ақпараттық технологиялар дәуірінде цифрлық инклюзия әлеуметтік өзара әрекеттесудің барлық аспектілеріне әсер ететін жаһандық цифрлық трансформация арқылы анықталады. Қоғамды жаңғыртудағы технологиялардың рөлі мен цифрландыру туралы философиялық дискурс өмірдің әлеуметтік, мәдени және этикалық аспектілеріне әсер етуін қоса алғанда, кең ауқымды тақырыптарды қамтиды (...).

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеуде Қазақстан мен Беларусьиядағы цифрлық интеграция стратегияларын зерделеу үшін философиялық талдауды саясатты бағалаумен үйлестіретін пәнаралық тәсіл қолданылады. Зерттеу герменевтикалық, салыстырмалы және тарихи әдістерге, сондай-ақ адамға бағытталған көзқарасқа, мемлекеттік бағдарламаларға контент-талдау жасауға, статистикалық мәліметтер мен цифрлық инклюзия туралы философиялық дискурсқа негізделеді. Зерттеу Қазақстан мен Беларусьияның цифрландыру бойынша ресми үкіметтік құжаттарына, заңнамалық актілеріне және ұлттық бағдарламаларына сүйенеді. Оларға мыналар жатады: «Цифрлық Қазақстан» (2018–2022) және «Цифрлық трансформация тұжырымдамасы» (2023–2029); «Беларусияның цифрлық экономикасы мен ақпараттық қоғамын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы» (2016–2020) және «Беларусияның цифрлық дамуы» (2021–2025); министрліктер мен үкіметтік мекемелер жариялаған ұлттық есептер мен цифрлық трансформация барысы туралы бағалаулар; халықаралық ұйымдардың статистикалық деректері, цифрлық даму көрсеткіштері мен цифрлық сауаттылық деңгейіне баға беру. Сонымен қатар, зерттеуге цифрлық трансформация, инклюзия және адамға бағытталған цифрлық саясат туралы ғылыми әдебиеттер енгізілген (...).

Философиялық дискурс

XX ғасырдың ортасына дейін білім беру мен басқа да әлеуметтік құрылымдардағы инклюзивтілік мәселесі күн тәртібінде болмаған. Зерттеушілер антикалық философияның – саналы не бейсаналы түрде – оқшаулану мен әлеуметтік теңсіздік идеяларын ғасырлар бойы мінсіз әлемнің іргетасы ретінде жариялағанын атап өтеді. Бұл тек адамзат тарихының

бағытына әсер етіп қоймай, әрбір «Өзгеге» автоматты түрде «persona non grata» мәртебесін тағайындап, бүкіл әлеуметтік-мәдени процестерді қайта құрылымдауға әкелді. (...).

Әдеби шолу

Цифрлық инклюзия туралы философиялық дискурсты жалғастыра отырып, біз «цифрлық инклюзия», «цифрлық эксклюзия», «цифрлық алшақтық» және басқа да ұғымдарды тікелей қарастыратын қазіргі зерттеулерге жүгінеміз. (...).

«Цифрлық эксклюзия» тұжырымдамасы Э. Дж. Хелспердің зерттеулерінде жан-жақты қарастырылады. Оның «Цифрлық шеттетудің әлеуметтік салыстырмалылығы: салыстырмалы депривация теориясын цифрлық теңсіздікке қолдану» атты мақаласында (Helsper, 2016: URL) шеттетудің күрделілігі мен көпқырлылығы атап өтіледі (...).

Қазақстандағы цифрландыру бағдарламаларын талдау

Цифрлық технологиялардың жедел дамуы дәуірінде Қазақстан үшін бұл технологияларға барлық азаматтардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету барған сайын маңызды болуда. (...).

2017 жылғы желтоқсанда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2018–2022 жж.) қабылданды (бұдан әрі – Мембағдарлама). Оның жүзеге асырылуынан кейін 2023 жылғы наурызда АКТ секторы мен киберқауіпсіздікті дамытуға бағытталған цифрлық трансформация тұжырымдамасы (2023–2029 жж.) бекітілді (бұдан әрі – ЦТТ). Бағдарламаның нәтижелері туралы көптеген есептер мен жарияланымдар интернетте ашық қолжетімді. Ресми сайтта жаңартулар, оқиғалар, статистика және бағдарламаның орындалуы туралы есептер беріліп отырды. Біз осы құжаттардағы әлі де қарастырылмаған кейбір негізгі аспектілерді талдаймы (...).

Беларусиядағы цифрландыру бағдарламаларын талдау

Қазақстан секілді Беларусияда да ұлттық дамудың басты бағыттарының бірі ретінде цифрландыруды таңдады (...).

Цифрландыру бойынша халықаралық рейтингтердің негізгі көрсеткіштерін талдау Беларусияның экономика мен қоғамның цифрлық трансформациясы тұрғысынан болашағы бар ел екенін көрсетеді (Калиновская, 2023). Елдің рейтингі бірнеше көрсеткіштерге негізделеді, олар: интернетке кеңжолақты қолжетімділік және деректерді беру жылдамдығы, халықтың цифрлық сауаттылығы деңгейі, цифрлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі, түрлі салаларда цифрлық технологияларды қолдану, цифрлық экономика мен инфрақұрылымға салынатын инвестициялар, сондай-ақ киберқауіпсіздік шаралары. Кейбір көрсеткіштер бойынша Беларусия Қазақстан мен Ресейден де жоғары орын алады (Калиновская, 2023) (...).

Қорытынды

Бұл мақалада цифрлық инклюзия философиялық контексте, Қазақстан мен Беларусияның мемлекеттік стратегияларына баса назар аудара отырып, талданады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл екі елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық контекстіндегі айырмашылықтарға қарамастан, екеуі де цифрлық теңсіздікті азайту және халықтың барлық топтарын цифрлық трансформацияға тартуға бағытталған бағдарламаларды белсенді түрде әзірлеуде (...).

Шынында да, ақпараттық технологиялар адамдардың өмірін жеңілдетеді, ал цифрландыру бойынша мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру қоғамға осы мүмкіндіктерді ұсынады. Алайда осы бағдарламаларды талдау бірқатар кемшіліктер мен проблемаларды да анықтап отыр (...).

Әдебиеттер тізімі

- Правительство Республики Беларусь. (2021). Государственная программа «Цифровое развитие Беларуси». URL: <https://www.mpt.gov.by/ru/gosudarstvennaya-programma-cifrovoe-razvitie-belarusi-na-2021-2025-gody>. (accessed: 21.11.2024).
- Правительство Республики Казахстан. (2017). Государственная программа «Цифровой Казахстан». URL: <https://primeminister.kz/assets/media/gosudarstvennaya-programma-tsifrovoy-kazakhstan-rus.pdf> (accessed: 19.10.2024).
- Правительство Республики Казахстан. (2023). Концепция цифровой трансформации, развитие других информационно-коммуникационных технологий и кибербезопасности на 2023–2029 годы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000269> (accessed: 05.09.2024).
- Borg K., & Smith, L. (2018). Digital Inclusion and Online Behavior: Five Typologies of Australian Internet Users. *Behaviour & Information Technology*, 37(4), pp. 367–380. URL: <https://doi.org/10.1080/0144929X.2018.1436593>
- Rawls, J. B. (1971). *A Theory of Justice*. Harvard University Press.

References

- Borg, K., & Smith, L. (2018). Digital Inclusion and Online Behavior: Five Typologies of Australian Internet Users. *Behaviour & Information Technology*, 37(4), pp. 367–380. URL: <https://doi.org/10.1080/0144929X.2018.1436593>
- Pravitelstvo Respubliki Belarus [The Government of the Republic of Belarus]. (2021). Gosudarstvennaja programma «Cifrovoe razvitie Belarusi» [State Program “Digital Development of Belarus” for 2021–2025]. URL: <https://www.mpt.gov.by/ru/gosudarstvennaya-programma-cifrovoe-razvitie-belarusi-na-2021-2025-gody>. (accessed: 21.11.2024). [In Russian]
- Pravitelstvo Respubliki Kazakhstan [The Government of the Republic of Kazakhstan]. (2017). Gosudarstvennaya programma “Tsyfrovoy Kazakhstan” [The State Program “Digital Kazakhstan”]. URL: <https://primeminister.kz/assets/media/gosudarstvennaya-programma-tsifrovoy-kazakhstan-rus.pdf> (accessed: 19.10.2024). [In Russian]
- Pravitelstvo Respubliki Kazakhstan [The Government of the Republic of Kazakhstan]. (2023). Konceptcija cifrovoy transformacii, razvitija otrasli informacionno-kommunikacionnyh tehnologij i kiberbezopasnosti na 2023–2029 gody [Concept of digital transformation, development of the information and communication technologies industry and cybersecurity for 2023-2029]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000269> (accessed: 05.09.2024). [In Russian]
- Rawls, J. B. (1971). *A Theory of Justice*. Harvard University Press.

Қаржыландыру: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан (грант № AP19677013) ғылыми жоба аясында қаржыланды.

Авторлардың үлесі

Абдина А.К. – Мақаланың мәтінін жазды, әдебиеттерге шолу жасады, мәтінге түзету жұмыстарын жасады.

Уызбаева А.А. – Мақаланың мәтінін жазды, Қазақстанның мемлекеттік бағдарламаларына талдау жасады, мақаланың техникалық рәсімдерін жасады.

Кучко Е.Е. Мақаланың мәтінін жазды, Беларусь мемлекеттік бағдарламаларына талдау жасады, мәтінге түзету жұмыстарын жасады.

Мүдделер қақтығысы: Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors: Абдина Айнұр Қанапияқызы – философия ғылымдарының докторы, қауымд.

проф, Astana IT University, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/11, 010000, Астана, Қазақстан, ainur.abdina@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-1819-7492>

Abdina Ainur Kanapiyanovna – Doctor of Philosophical Sciences, Associate Professor, Astana IT University, 55/11 Mangilik El avenue, 010000, Astana, Kazakhstan, ainur.abdina@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-1819-7492>.

Абдина Айнур Канапияновна – доктор философских наук, ассоциированный профессор, Astana IT University, пр. Мангилик Ел, 55/11, 010000, Астана, Казахстан, ainur.abdina@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-1819-7492>.

Уызбаева Анар Асанқызы – PhD, қауымд. проф, Astana IT University, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/11, 010000, Астана, Қазақстан, anar.uzybayaeva@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-4354-705X>.

Uzybayaeva Anar Assanovna – PhD, Associate Professor, Astana IT University, 55/11 Mangilik El avenue, 010000, Astana, Kazakhstan, anar.uzybayaeva@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-4354-705X>.

Уызбаева Анар Асановна – PhD, ассоциированный профессор, Astana IT University, пр. Мангилик Ел, 55/11, 010000, Астана, Казахстан, anar.uzybayaeva@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-4354-705X>.

Кучко Елена Евгеньевна - элеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, Беларусь мемлекеттік университеті, Тәуелсіздік даңғылы 4, 220030, Минск, Беларусь, avesol@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2376-4639>

Kuchko Elena Evgenievna – Doctor of Sociological Sciences, Professor, Belarusian State University, 4 Nezavisimosti Avenue, 220030, Minsk, Belarus avesol@yandex.ru
<https://orcid.org/0000-0003-2376-4639>.

Кучко Елена Евгеньевна – доктор социологических наук, профессор, Белорусский государственный университет, пр. Независимости 4, 220030, Минск, Беларусь, avesol@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2376-4639>

16. Редакция мекенжайы

010008, Қазақстан, Астана қаласы, Сәтпаев көшесі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оқу-әкімшілік корпус, 402-кабинет. Тел: (7172) 709-500 (ішкі 31-410). E-mail: jete@enu.kz Веб-сайт: <https://jete.enu.kz>

